



**ЦЕНТРАЛЬНАЯ АЗИЯ:
ПРОБЛЕМЫ СОТРУДНИЧЕСТВА
И РЕГИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ
В НОВЫХ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ
УСЛОВИЯХ**

Алматы, 2014

роста	98
Ж.Қ.Идрышева	
Орталық Азиядағы заңсыз көші-қон үдерісі және қауіпсіздік мәселесі	102
Ф.П. Уразаева	
Орталық Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі интеграциялық үрдістердің маңыздылығы.....	112
А.Т. Кульбаева	
Центральная Азия как транзитный коридор: некоторые аспекты.....	117
А.Б. Кузембаева	
Республика Казахстан и НАТО: сотрудничество в области региональной безопасности.....	121
Б.З. Бөжеева	
Орталық Азиядағы қауіпсіздік саласындағы интеграциялық үдерістер... 126	
Г.С. Байкушикова	
Образование для устойчивого развития в Центральной Азии.....	130
С.Ж. Айдарбаев	
Общая характеристика договора о Евразийском Экономическом Союзе: некоторые общетеоретические положения.....	135
Балаубаева Б.М., Зияданова А.С.	
XXI ғасырда Орталық Азия мемлекеттерінің халықаралық қатынастардағы орны мен рөлі.....	145
А.Б.Азаматова, А.Б.Бекмухаметова	
Перспективы Республики Казахстан от союзной интеграции.....	150
А.О. Ондаш, Әбдірахман Д.С	
Қазақстан мен Орта Азия елдері арасындағы энергетика мәселелері және оларды шешу жолдары.....	156
М.С. Мырзабеков	
Халықаралық терроризм мен және діни экстремизмге қарсы күрес шаралары контекстіндегі Орталық Азия қауіпсіздігінің мәселелері.....	160
Ж.Т. Сайрамбаева, Э. Аянбаев	
Опыт Европейского Союза для стран Центральной Азии в вопросах правового регулирования защиты продуктов питания.....	167
А.Р.Әліпбаев, Р.О. Керимкулова	
Қазақстан мен Түркия ынтымақтастығы: аймақтық және жаһандық деңгейдегі жаңа жетістіктер.....	171
Э. Г. Адиль	
Концептуальные подходы в исследовании геополитических процессов с точки зрения цивилизационного развития.....	177
Содержание.....	185

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЗАҢСЫЗ КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ

Көші-қонды қауіпсіздікпен байланыстырудағы талпыныстар жаңа құбылыс емес. Соғыстар, ірі әлеуметтік және экономикалық сілкіністер тұсында саясат пен қоғамдық санада да көрініс берген еді. Батыста көші-қонға ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан сараптама жасау 1970 жылдардан бастау алды. Дәл осы кездерде онда экономикалық дағдарыс орын алып, ұлттық нарық тарыла түсті. Сондықтан Батыстың алдында Азия мен Африкадан келетін мигранттарға жаңаша қарау қажеттілігі алдыңғы қатарға шықты. Себебі Еуропа «ашық есік» саясатын жариялағаннан соң, мигранттар 10-15 жыл ішінде онда айтарлықтай диаспораларды құрып үлгерді. Екінші қажеттілік қырғи-қабақ соғыстың аяқталып, КСРО ыдырауынан кейін Еуропаның батысына оның шығысынан мигрант ағамдарына төтеп беру керек болды.

Дәл осы кезден бастап еңбек нарығында бәсеке туындады. Мигранттарды жергілікті кадрлар алатын жұмыс орындарын иеленіп отырғандықтары үшін айыптады. Бұл өз кезегінде қоғамда этникалық фактордың шиеленісуіне жол ашты. Яғни мигранттар мен жергілікті тұрғындар арасында мәдени және діни әртүрлілік жөнінде көптеп айтыла бастады. Жыл өткен сайын қылмыстың өсуін, кейбір аурулардың таралуын мигранттармен байланыстыра бастады. Ақырында көші-қон қауіпсіздікке қатер төндіруші құбылыс ретінде қарастырылды. Тіпті мемлекеттердің иммиграциялық саясаты шектеуші-жазалаушы сипат ала бастады. 1970 жылы Батыс бақылауға келмейтін заңсыз көші-қонның ірі ағынымен бетпе-бет келді. Көші-қонның дәл осы түрі қауіпсіздікпен етене байланысты әрі қабылдаушы мемлекетке оның салдарын болжау қиындық тудырады.

Ал Орталық Азия аймағында заңсыз көші-қонға соңғы үш-төрт жыл аралығында айтарлықтай сақтықпен қарап отыр. Әсіресе, қоғамда үкіметтік деңгейде, бұқаралық ақпарат құралдарында қызу талқылаулар туындауда. Қабылдаушы мемлекет ретінде Қазақстан үшін жыл өткен сайын өзекті болып отырған мәселелердің бірі Орталық Азия мемлекеттерінен келетін еңбек көші-қоны. Еңбек көші-қоны негізінен аймақта заңсыз сипатқа ие. Сондықтан елдің ұлттық мүддесі тұрғысынан қарастырғандағы негізгі негатив – оның заңсыз сипаты болып табылады. Қазақстанға аймақтың өзге мемлекеттерінен келетін заңсыз еңбек көші-қонының негізгі себебі – экономикалық саладағы сәйкессіздік. Яғни Қазақстан нарығы Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Түркіменстан азаматтары үшін тартымды нарық көзі болып отыр.

Заңсыз көші-қонды сандық тұрғыда бағалау оған сараптама жасауда

және онымен күресуде ең күрделі проблема болып табылады. Әдетте заңсыз көші-қонның масштабы мемлекеттік органдардың түрлі салаларының бағалауларымен есептеледі: шекара қызметі (мемлекеттік шекарадан өткізілмеген тұлғалар туралы мәлімет), миграциялық (ел аумағында заңсыз болып отырған тұлғалар туралы мәлімет), консулдық қызмет (виза берілмегендігі жөнінде мәлімет), ішкі істер министрлігі (ел аумағында заңсыз болып отырған тұлғалардың тұтқындалуы немесе депортацияланған тұлғалар жөнінде мәлімет), сонымен қатар эксперттер мәліметтері. Аймақтың ең бірден-бір мигрант қабылдаушысы – Қазақстан [1, С. 75]. Онда заңды түрде тіркелмеген мигранттардың саны заңды түрде тіркелгендерінен бірнеше есе артық. Ресми мәліметтер бойынша, мамандар 2005 жылы Қазақстанда болған заңсыз мигранттар санын 300 мың деп көрсетеді. Бұл көбіне Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан мен Түркіменстан (соңғысы мигрант ағымдары үшін жабық ел болып табылады) азаматтарын құрайды. Елімізге 2007 жылы 1 млн. 200 мигрант келсе, 2008 жылы олардың саны 2 млн.-ға жуық адамға жетіп жығылды. Әрі әрбір 600 мың шетелдік азаматтың 1/3-і заңсыз еңбек мигранттары болып табылады. Әсіресе олардың негізгі дені Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстары мен Алматы (23,5 мың) және Астана (10 мың) қалаларында шоғырланады. Сондай-ақ шекара «мәлдірлігі» тек Орталық Азия аймағынан ғана емес, ТМД-ның өзге де мемлекеттерінен криминалды топтардың енуіне жол ашады. Көші-қон бойынша Дүниежүзілік банктің есебіне сүйенсек, Қазақстан мигранттарды қабылдау бойынша тоғызыншы орынды иеленеді екен [2]. Сондай-ақ Өзбекстан шет елдерде заңды түрде тіркелген мигранттар санын 16, 100 деп берсе, тіркелмегендері одан әлдеқайда артық. Дегенмен өзбекстандық мигранттардың негізгі бару елі Ресей болып отыр. Мұндай айырмашылық мәселеге профессионалды тұрғыда емес эмоционалды тұрғыда қарау бірден-бір себеп. Әрі жоғарыда аталған мемлекеттік органдардың арасында үйлесімді ақпарат алмасу тетіктері жоқтың қасы. Ал көші-қон саясатын қаталдандыру заңсыз көші-қонның, жемқорлықтың өсіміне себепші болуы мүмкін [3, С. 245-246].

БҰҰ Жоғарғы комиссарының босқындар мәселесі жөніндегі Басқармасының Консультанты Кристина Зитнанованың айтуынша, еңбек көші-қоны, әсіресе, оның заңсыз формасы қабылдаушы мемлекет заңнамаларымен «жасанды» түрде тарылтылған. Бұл «заңсыз мигранттардың», тырнақшаның ішінде болу себебі олар «мәжбүр мигранттар» болып отыр. Бұл адамдар қабылдаушы мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіреді ма? Егер мәселе жалпылай қарастырылатын болса, «иә». Мемлекеттік санақтан тыс қалып отыр, ресми жұмыспен қамтылу кестесінде де жоқ, салықтар жүйесінен аулақ. Осындай мигранттардың мемлекеттің әлеуметтік қорғауынан тыс қалуы, олардың экономиканың көлеңкелі секторында (құрылыс, сауда, жасырын цехтар, криминалды қызмет саласы) болуына жол ашады. Мұндай мигранттардың қоғамда болуы этникалық негізде қақтығыстарға әкеледі, «экзотикалық» инфекциялық аурулардың пайда болуын туындатады. Мәселен, 2000 жылдың

9 айы аралығында сібір безгегімен ауырудың 30 жағдайы тіркелген. Эпидемиологиялық аурудың бұл түрі Оңтүстік-Шығыс Азиядан келген [4, С. 91].

Орталық Азияда ВИЧ/СПИД көрсеткіштері жыл санап артуда. UNAIDS мәліметтеріне сүйенсек, Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда ВИЧ/СПИД-пен науқас адамдар саны 2000-2009 ж.а. 3 еселенген. Орта есеппен 2000 ж. 530000 көрсеткіші 2009 ж. 1,4 млн. жеткен [5]. Ол ауру түрі есірткі тұтынушылар, жеңіл жүрісті әйелдер мен олардың серіктері арасында таралған. Мигранттар қабылдаушы елде жұқтырып, қайтарда Отанына таратады. Сондай-ақ аймақта полирезистентті туберкулез түрі кең таралған әрі емделуге келмейді.

Заңсыз көші-қонның қабылдаушы мемлекеттің қалыптасу барысындағы ұлттық нарығына зиянын тигізеді, мемлекет экономикасының табиғи трансформациясына бөгет келтіреді. Себебі «келімсектер» жергілікті жұмысшылармен өзара бәсекелеседі немесе арзан жұмыс күшін құрайды. Жұмыс берушілер арзан «қолды» таңдай отырып, қызметін кәсіби деңгейге көтеру мәртебесінен айырылады. Осы тұрғыдан алып қарастырар болсақ, заңсыз көші-қон қабылдаушы мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіреді. Ал экономикалық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің бір бөлігі болып табылады.

Сондай-ақ заңсыз мигранттар қандай да бір еңбек немесе әлеуметтік кепілдемелерге ие болмағандықтан, «өмір сүру» үшін олар этникалық түсіністікке бас ұруға мәжбүр. Көптеген жағдайда бұл үдеріс жабық этникалық топтардың қалыптасуы, олардың ұйымдасқан қылмыстық топтармен өзара әрекеттесуіне әкеледі. Нәтижесінде қоғамда мигранттарға деген өшпенділік пайда болып, әсіре оңшыл партиялардың, түрлі қозғалыстардың туындауы мүмкін.

Мәселе аймақ деңгейінде қарастырылса, Орталық Азия аймағына Қазақстанға келетін заңсыз мигранттардың жалғыз заңсыз топ қана еместігін байқауға болады. Себебі оларды өзге азияттық елдерден келетін транзиттік мигранттар толықтырады. Олар посткеңестік кеңістікті еуразиялық «транзиттік дәліз» ретінде қолданып, Ресей мен Батыс Еуропаға баратын басты жол ретінде біледі. Бұл аймақтың тартымдылығы салыстырмалы түрдегі «мөлдір» шекаралардың болуы, визасыз ену жөніндегі келісімдердің барлығы, ТМД елдері арасында көші-қон үдерісін басқарудың әлсіз институционалды негізі, жемқорлық, географиялық жақындық сияқты себептермен түсіндіріледі. Мысалы мұндай келісімдер Қытай мен Қырғызстан, Қырғызстан мен Қазақстан, Қазақстан мен Ресей мемлекеттері арасында бар. Транзиттік мигранттар үшін аталған елдер арасындағы құжаттар легі арзан әрі ыңғайлы құрлықтық жолдың таптырмас түрі болып табылады. Заңсыз көші-қонға ХМҰ жүргізген ірі сараптама нәтижесінде аймақ шекараларында немесе бұрынғы посткеңестік кеңістікте ұсталатын тұлғалар қытайлықтар (1/3), қалғандарының негізінен ауғандықтар және Оңтүстік-Шығыс Азияға (Вьетнам, Үндістан, Пәкістан, Бангладеш, Шри

Ланка) тиесілі екендігі анықталды [6, С. 36].

Посткөнестік кеністік, әсіресе Орталық Азия аймағы халықаралық көші-қонға барынша ашық болып қалғаннан кейін ол жаһандық криминалды құрылымдардың жіті бақылауына айналды. Аталған криминалды құрылымдар мигранттарды заңсыз енгізу мен оларды саудалау бизнесіне барынша машықтанған. Шетелде жұмысқа орналастыру жөніндегі заңды әрі жартылай заңды агенттіктерді, неке агенттіктерін, өзге де аралық ұйымдарды бақылауында ұстайды. Әрі мигранттардың шығу/бару/транзит мемлекеттерінде нық байланыстарға ие болу арқылы, шекарадан заңды/заңсыз өту жолдарымен қамтамасыз етеді. Мәселен Қазақстан арқылы өтетін заңсыз мигранттардың 90%-ы Ресейге бағыт алады екен [6, С. 38]. Бұл дегеніміз аймақ мемлекеттерінің заңсыз көші-қонмен күресіне мигранттардың өздері емес, жаһандық құрылымдық жүйелер қарсы тұрғандығын білдіреді. Әдетте, мигранттарды заңсыз бағыттау жолдары есірткі тасымалдау бағыттарымен сәйкес келеді. Дегенмен Орталық Азия аймағындағы мигранттардың негізгі бару нүктесі ТМД мемлекеттері ғана емес. Мысалы Өзбекстан мигранттары Түркия, Қытай, Корея Республикасы, Иран, Пәкістан нарықтарын жаулауда [7, С. 212].

Алайда Қазақстан Орталық Азиядан келетін мигранттар үшін өте тартымды мемлекет болып табылады. Бұл жайында Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының аға маманы Д. Хожаев ел тартымдылығының бір факторы ретінде қазақ халқының толеранттылығын атап өтеді. Әрі Ресей Федерациясымен салыстырғанда алғашқысының өзге Орталық Азия елдерімен дін, тіл, салт-дәстүр ортақтығы бар [8].

Жоғарыда аталғандарды салмақтай келе заңсыз көші-қон саласында ұлттық және аймақтық қауіпсіздікке қатер төндіретін негізгі төрт қауіп түрлері атап өтіледі: саяси, экономикалық, криминалды және әлеуметтік.

Саяси аспекті ішкі және сыртқы бағыттарға ие. Сыртқы бағыт аймақ мемлекеттерінің өзге мемлекеттермен қарым-қатынастарының көші-қон саласында оқыс жайттардың қалыптасуы нәтижесінде қиындық туу мүмкіншілігінен пайда болуы мүмкін. Мәселен Қытай демографиялық және миграциялық потенциалы жоғары мемлекет. Орталық Азия мемлекеттері Қытайдың жақын көршісі бола отырып, оның тарапынан демографиялық қысым көру мүмкіншілігінің алдында тұр. Әсіресе, Қытай тарапынан заңсыз көші-қон ағымдарының келуі аймақ мемлекеттерімен екіжаты қарым-қатынастардың нашарлауына әкеп соғуы мүмкін. Ал саяси аспектінің ішкі құраушы ретінде қоғам тұтастығының ыдырауын айта аламыз. Әсіресе, ол мигранттар түпкілікті халықтан өзге мәдениет, дін, өмір сүру деңгейімен ерекшеленсе, анық көрінеді.

Заңсыз көші-қон тарапынан төнетін экономикалық қауіптер оның криминалды аспектісімен тығыз байланысты. Экономиканың жартылай заңды түрі мақсаттары жағынан ел заңнамасына сәйкес келгенімен, жүзеге асырушы құралдар тұрғысынан сол заңнама көлемінен шығатын экономикалық іс-әрекеттер жиынтығы. Көбіне мемлекеттік салықтардан

жалтару, тура айырбас, патент және лицензиясыз, ресми рәсімдеусіз жұмысқа қабылдаулардан тұрады. Ал заңсыз, криминалды экономика ел заңнамасы тұрғысына тиым салынған, негізгі болмысымен заңды бұзатын экономикалық іс-әрекеттер жиынтығы: есірткі бизнесі, қаруды заңсыз өндіру мен тасымалдау, ірі контрабанда, жезөкшелік, адам саудасы, рәкет және күш қолдану. Қалай болғанда да жоғарыда аталған экономиканың екі түрі де салықты төлемеу мен капиталды ел аумағынан тыс алып кетумен байланысты.

Заңсыз көші-қонның криминалды аспектісі қылмыстың дәстүрлі түрлерінің таралуымен, жемқорлықпен тығыз байланысты. Себебі мигранттардың көпшілігінің күнделікті өміріне заңды түрде табыс табу мүмкіншілігі аз болғандықтан, олар қылмысқа жақын салалармен етене жақын болады: есірткі саудасы, қару, жезөкшелік, құмар ойындары және контрабанда. Тіпті олар үшін күнкөрістің негізгі түріне айналған тонау сынды қылмыстарға бас ұрады. Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі мәліметтеріне сүйенсек, жоғарыда аталғандар бойынша 2012 жылы 28 қылмыстық іс қозғалған. Ал бір ғана Астана қаласында «Нелегал-2013» деп аталатын оперативті-профилактикалық іс-шара нәтижесінде 969 шетелдік азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оның көпшілігі сот шешімімен ел аумағынан шығарылды. Өкінішке орай жезөкшелік криминалды қызметтің дамыған саласына айналып отыр. ОА мемлекеттері «тірі тауарды» тұтынушы болумен қатар, оны тиісті халықаралық нарықтарға бағыттаушылар болып табылады. Мәселен ҚР ІІМ мәліметтеріне сүйенсек, бір апта ішінде (2012) Қазақстанда 95 жеңіл жүрісті әйелдер ұсталған, олардың 43-і ТМД азаматшалары екендігі анықталды.

Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың белгілі бір елге топ-топ болып көптеп енуі әлеуметтік проблемалар мен демографиялық сипаттағы қауіптердің туындауына себепкер болады. Сондай-ақ көлеңкелі экономика деңгейінің артуы, еңбек нарығындағы жағдайдың шиеленісуі, әлеуметтік шиеленістің артуы салдарынан қылмыстық (криминалды) жағдайдың қиындауының басты себепшісі. Мәселен Ферғана жазығында оның аймақтық ерекшелігіне қарай, көші-қон ағымдарының тоғысқан нүктесі болып табылады. Әрі көші-қон үдерістері аталған аймақта жергілікті қақтығысты потенциалына «қосымша» болып отыр. Қоныстанушы халық көбіне суға, жайылымдық жерлерге, өзге де ресурстарға қол жеткізу үшін көшуде, сонымен қатар мұндай жағдайда, әсіресе ресурстарға деген тартыста мигранттардың өз дегеніне жете алмайтындығын атап өту керек [9, С. 26]. Шекара аймағында орын алып отырған мигранттар мен жергілікті тұрғындар арасындағы шиеленістер ұлттаралық қатынастардың нашарлауы мен аймақ мемлекеттері қатынастарының да нашарлауына әкеп соғуы мүмкін.

Көп жағдайда заңсыз көші-қон мен есірткі тасымалы өзара тығыз байланысты. Сондай-ақ мемлекеттік органдар жағдайды тиімді түрде қадағалауда қауқарсыз болып отыр, әсіресе тұрақсыз жағдай қалыптасқан Тәжікстан сынды аймақтарды жағдай ұшығып тұр. Өкінішке орай Орталық

Азияның барлық мемлекеттерінде есірткі өсіріледі. Олар арқылы тасымалданған есірткі көлемі 2011 жылы 20 млрд. \$ бағаланды [10, Р. 48].

Шекара ұзындығы әрі салыстырмалы түрде айтқандағы алшақтығы заңсыз көші-қон мен адам саудасы транзиттік каналдары өсімінің себебі болып табылады. Бұл мәселенің шиеленіскені соншалық Орталық Азия аймағы проблемалық аймақ қатарына жататын әрі негативті құбылыспен күресудің жеткілікті деңгейі жоқ мемлекет тізіміне енгізіледі. Сонымен қатар аймақта шетелдіктердің толық санағы жеткілікті деңгейде жүргізіліп отырған жоқ, дегенмен мемлекеттердің заңсыз көші-қонмен күресуін реттейтін құжаттар қатары қабылданғанымен шекара қорғанысында да әлсіздіктер бар.

Соңғы кезеңдерде шекаралық көші-қон туралы көп айтылып жүр. Сонымен қатар «жылжымалы көші-қон» (ползучая миграция) қоғамда көптеген талқылауларды тудыруда. Ол үдеріс Қырғызстан және Тәжікстанның оңтүстік шекарасы маңында орнатылды. Бұл контекстте «жылжымалы көші-қон» ретінде жеке меншік жерлерді қырғыз азаматтарынан тәжік азаматтарының заңсыз сатып алуы мен жалға беруі қолданылады. Мұндай мәселелер көрші аймақтарда ұлтаралық қақтығыстардың артуына себепші болады. Көрші мемлекеттерден, әсіресе Тәжікстан Республикасынан келетін мигранттар аталған аймақты көшіп келу орны ретінде біледі. Мысалы, «халықаралық толеранттылық қоғамы» қорының зерттеуінше, Қырғызстанның Баткен облысында Тәжікстаннан келген 200 отбасы заңсыз негізде тұрып жатыр әрі 38 мың га жерді заңсыз игерді (тұрғылықты тұрып, үй салған).

Реттеуге келмейтін көші-қон көбіне экстремизм мен ланкестік өсуінің негізгі орталығы болып табылады. Себебі осы аймақта ислам топтарының радикалды өкілдері бар. Кавказ аймағынан келген мәжбүр мигранттар қылмыстық әрекетін Қазақстанда жалғастырып жүр. Қазақстанда күдікпен ұсталған екі азамат Самара облысының көкөніс базарында жарылыс ұйымдастырды деп Самара прокуратурасымен айыпталуда. Тіпті ұсталған тұлғалар Шешенстанның содырлар лагерінде арнайы дайындықтан өтіп, федералды күштерге қарсы соғысқан [4, С. 92].

Ұзақ мерзімді перспективада көші-қон интенсивтілігіне әсер ететін фактор демографиялық фактор болып табылады. Орталық Азия аймағындағы мемлекеттер демографиялық өтпелі кезеңді басынан кешіруде. Орталық Азияға туылудың жоғары деңгейі мен өлімнің төмен деңгейі тән. Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамы бойынша 2015 жылға қарай Орталық Азия мемлекеттерінің халқы 1,5 есеге көбейеді. Демографиялық потенциалдың осылайша артуы 15-20 жылдан кейін экономиканың жеткілікті деңгейде дамуы жұмыссыздық көлемін арттырады. Бақылауға көнбейтін эмиграциялық, ең алдымен еңбек көші-қоны әлеуметтік шиеленістің негізгі көзіне айналуы мүмкін .

«Адам немесе мигранттар котрабандасын» «адам трафигі» деп те атайды. Бұл түсінік «адам саудасы» түсінігінен ерекшеленеді. Адам котрабандасы (smuggling) туралы айтқанда белгілі бір мемлекет оның азаматы болып

табылмайтын және онда тұрғылықты тұмайтын тұлғаның онда заңсыз енуі, сондай-ақ мұндай заңсыз енуді қамтамасыз еткен тұлға қаржылай не өзгелей сый-ақы алады. Аталған терминге нақты анықтама БҰҰ 2000 жылғы 15 желтоқсандағы ұйымдасқан трансұлттық қылмысқа қарсы конвенциясына қосымша Протоколда берілген [11].

Адам контрабандасы әлемнің барлық мемлекетерінде дерлік жүзеге асырылады. Себебі мәжбүр еңбекті пайдаланудың негізгі көзі болып отыр. Мемлекеттер экономикалық дамуды түрлі деңгейінде, экономикалық дамыған мемлекеттерге негізінен даму деңгейі арттағы мемлекеттерден адамдар ағыла бастайды, әрі төмен ақы үшін кез келген жұмысты орындауға дайын болады. Дегенмен нақты мағынасында бұл адамдар «құлға» айналып, шектен тыс басыбайлыққа салынады. Пайда түсуі жағынан адам контрабандасы есірткі мен қару саудасынан кейінгі үшінші орында. Қылмыскерлерге жылына 30млрд.\$ кіріс әкеледі. Мұндай сауда көлеңкелі нарықтың дамуына септесіп, мемлекетішілік және халықаралық ұйымдасқан қылмыстық ұйымдардың пайда табуына себепкер болады. Мұндай күрделі «көші-қондық контрабандалық адамдар ағымына» Орталық Азия аймағы да тартылып отыр [12].

Контрабандисттердің жиі қолданатын маршруты Қытайдан бастау алады. Кейін Ресей, Украина, Венгриядан өтіп, Германиядан аяқталады. Келесі бір маршрут Таяу Шығыстан басталып, Түркия, Балқан арқылы Батыс Еуропаға жол ашады. Орталық Азия аймағында Қазақстан территориясы да транзиттік орта қызметін атқарады. Заңсыз мигранттарды тасу каналдары мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Бішкек – Алматы – Балқаш – Қарағанды – Павлодар – Ом облысы, Алтай аумағы (РФ).
2. Бішкек – Алматы – Балқаш – Қарағанды – Павлодар – Шығыс Қазақстан облысы – Алтай аумағы (РФ).
3. Бішкек – Алматы – Балқаш – Қарағанды – Көкшетау – Петропавл – Ом, Қорған облыстары (РФ).
4. Бішкек – Шу – Балқаш – Қарағанды – Атбасар – Қостанай – Қорған, Шелябі облыстары (РФ).
5. Бішкек – Тараз – Шымкент – Қызылорда – Ақтөбе – Орынбор облысы (РФ).
6. Өзбекстан – Бейнеу – Атырау – Астрахань облысы (РФ) [9, С. 26].

Бір қызығы бұл тұлғалар үшін аумақтан кетуден гөрі ену жеңілірек. Мәселен Еуропаға өту ниетіндегі тұлға аралық кезеңде адаптация мақсатымен біраз уақыт Орталық Азия немесе көршілес Ресейде қалуға мәжбүр. Осы аралық уақыт түрлі себептермен жылдарға созылып, транзит мигранттар заңсыз мигранттарға айналып, әлеуметтік қауіпті криминалды ортада қалып қояды. Мұнда сараптама жасай келе, маңызды кезеңді бөліп қарастыруға болады: әдетте, заңсыз транзиттік мигранттар өз бетінше әрекет етуге қауқарсыз. Оларды жақсы жарақталған криминалды құрылымдар басқарып отыр, соңғылары адамдарды заңсыз енгізуге әбден маманданған.

Мұны жалған құжаттардың сапасы, соңғы технологиядан хабардар болушылық әрі оқыс жағдайларға барынша икемді жауап қатудан байқау қиын емес. Қазіргі таңда заңсыз көші-қон жоспарсыз жаппай сипатта емес. Ол дегеніміз жақсы ұйымдастырылғандығымен қатар, тәуекелдің төмен деңгейімен әрі аса пайдалылығымен ерекшеленетін бизнес. Мамандардың бағалауынша, мигранттардың заңсыз көшуінен жылына түсетін пайда 5-7 млрд. \$ құрайды [6, С. 38].

Көші-қонның, әсіресе, заңсыз көші-қонның себебі неде? Себепердің негізгі қатарында экономикалық (көп табыс табу, өмір сүру жағдайын өзгерту, алдымен қаржы-материалдық аспект), саяси (соғыс, әскери қақтығыс салдарлары), экологиялық (құрғақшылық), демографиялық (мигрант отбасының қайта қауышуы) факторларды атауға болады.

Басқаруға әрі бақылауға келмейтін ішкі еңбек нарығына кері әсер етіп, мигранттардың негізгі құқықтарының бұзылуына, әлеуметтік шиеленіс ошағының пайда болуы елдегі криминалды жағдайға әсер етеді. Заңсыз «қозғалыс» халықаралық тұрақтылықтың және ұлттық қауіпсіздіктің тікелей қатері болып табылады. Адам саудасы, яғни контрабандасымен айналысатын қылмыстық ұйымдар есірткі тасымалы, жалған құжат, ақша жымқырумен де айналысады. Аталғандардың көлемі толассыз өсуі қауіп тудырады. Себебі ең алдымен, олар заңсыз операциялар мен қылмыстың көптеген түрлерімен байланысты. Заңсыз көші-қон, қоғамның криминализациясы, контрабанда тұрақты сипатқа ие болуда. Өкінішке орай олардың деңгейі ылғи өсу барысында. Аталған факторлар Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің шекаралық қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндіреді.

Орталық Азия аймағына тән нәрсе - еңбек қызметін ағымдағы заңнаманы бұзу арқылы жасау болып табылады. Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің сараптамасы нәтижесінде елдің заңсыз көші-қон саласында еңбек алмасуы Өзбекстан, Қырғыстан мемлекеттерімен екендігі анықталды. Ал Тәжікстан азаматтарының басым көпшілігінің баратын аумағы Қазақстан (Ресейден кейін) болып табылады.

Негізінен ол еңбек көші-қоны болғанымен, оның заңсыз түрде көрініс беруі қажетті құжаттар легін алудың қиындығымен байланысты. Әрі жұмыс берушілер еңбектің барынша арзан түріне мүдделі болып келеді. Заңсыз мигранттар ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіреді. Себебі олардың мемлекеттік санаққа қатысы жоқ болғандықтан мемлекеттің әлеуметтік қорғауы мен салықтардан тысқары қалып отыр. Бұл дегеніміз олардың өздерін қамтамасыз етуі үшін жиі көлеңкелі экономикада, заңды бұзу арқылы, маргинальға айналатындығының көрінісі. Мұндай мигранттардың елде болуының өзі қоғамда этникалық негіздегі қақтығыстың артуына себепші болады.

Көші-қон толассыз даму барысындағы әлемдік үдерістердің, қазіргі қоғамның ажырамас сипатына айналды. Орталық Азия аймағында қалыптасып отырған көші-қон саласындағы жағдай нақты миграциялық стратегия мен оның жүзеге асырудың бағдарын талап етеді. Әсіресе, заңсыз

көші-қон мемлекеттік және аймақтық органдардың жіті бақылауында болып, бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі тақырыбына айналды, қоғам арасында да мәселе қызу талқылауларды туғызуда.

Көші-қонның заңды түрі болсын, заңсыз түрі болсын Орталық Азия мемлекеттері экономикасының өтпелі кезеңінің ажырамас бөлігіне айналды. Әрине, оның тек негативті жағы туралы айту әділетсіз болар еді. Алайда Қазақстан үшін оның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қауіпсіздік тұрғысынан алып қарастырғанда, әсіресе оның заңсыз сипатын ескерсек, еліміз үшін негативті сипатқа ие. Сондықтан Қазақстан үшін Орталық Азия аймағынан бағытталған заңсыз еңбек көші-қонына төтеп беру мақсатында нақты әрі жан-жақты қарастырылған қадамдар жасау қажеттілігі алдыңғы қатарға шығады.

Орталық Азиядағы көші-қон мәселесі демографиялық тенденциялар мен аймақтың өтпелі кезеңде дамуымен тікелей байланысты. Әлеуметтік құбылыс ретінде көші-қонды айналып өтуге болмайды. Осы объективті шындық әлемдік экономиканың жаһандануымен тығыз байланысты. Сондықтан қазіргі таңда трансшекаралық көші-қонның теріс салдарын барынша төмендетіп, мемлекеттің назарын оның оң жағына аудару керек. Өкінішке орай әлемнің бір де бір елі мемлекеттің көші-қонын реттеудің нақты құралын таба алған жоқ.

Заңсыз көші-қон әлемнің барлық аймақтарына тән үрдіс және қауіпсіздікті қамтамасыз етуде негізгі қатердің бірі болғандықтан Орталық Азия да осы үрдістен тыс емес. Аймақ елдері тәуелсіздікке қол жеткізген күнінен бастап, көші-қон мәселелеріне тап болды. Бақылаусыз заңсыз көші-қон кез келген мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Хаосты сипатына қарамастан көші-қон үдерістерін реттеу ауадай қажет. Себебі әңгіме мемлекеттің тұтастығы жайында болып отыр. Сондай-ақ бұл салада мемлекеттер арасында өзара келісілген саясат жүргізу маңызды болып табылады.

Орталық Азия мемлекеттері кезінде «бір шаруашылық жүйесіне» еніп, «социалистік экономиканың» құрауышы болғандығына қарамастан, бүгінде Орталық Азия шеңберінде ортақ еңбек нарығы жоқтың қасы. Сондай-ақ біртұтас құқықтық негіз қаланбаған. Еңбек көші-қоны көп жағдайда реттеуші заңнамалардың болмауы себепті заңсыз көші-қонға айналуға. Біртұтас еңбек нарығын дамыту Орталық Азия мемлекеттері саяси қайраткерлерінің алдында тұрған ірі тапсырма. Заңсыз мигранттарды салыстырмалы түрде аз уақыт аралығында заңдастыруға болатын тәжірибелік механизмдер бар: тіркелу үдерісін жеңілдету, елге ену барысында мигранттардың сақтандыру үлестерін өтеуі, жіберуші-қабылдаушы елдерде жұмыс күшінің қажеттілігі жөнінде ақпарат базасын орнату, рекрутингтік агенттіктердің жұмысын белсенді ету, сондай-ақ жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттыру керек. Ұлттық заңнаманы тәжірибеге сәйкестендіру, халықаралық ынтымақтастықты арттыру: екіжақты және көпжақты келісімдерге қол қою - көші-қон толқындарын реттеудің алғашқы қадамдары болып табылады.

Заңсыз көші-қон саласындағы мәселелерді шешу шекараны басқару мен кедендік қызметтің тиімділігін арттыруға ғана байланысты емес. Сонымен қатар шекаралас мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен байланысты, яғни халықтың әл-ауқат деңгейі мен өмір сүру деңгейінің артуы, кедейшілікті төмендету мен өркениетті еңбек нарығын құру негізгі шарттар болып табылады. Бұл күрделі де қиын үрдіс мемлекеттік құрылымдардың, эксперттер қауымдастығының, осы салада қызмет ететін халықаралық ұйымдардың жіті назары мен эффективті шешу жолдарын талап етеді. Заңсыз көші-қонға қатысты проблемаларға назар аудармау әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсер етумен қатар екіжақты мемлекетаралық қатынастардың нашарлауын туындатуы мүмкін. Ал мәселені шешу аймақтық интеграциялық үдерістерді нығайтумен қатар, мемлекеттер арасында көші-қонның тиімді жақтарын арттыруға түрткі болары сөзсіз.

Көші-қон көпқырлы құбылыс, сондықтан оны біркелкі сипаттауға болмайды. Әрі көші-қонның оң жағы да теріс жағы да бар. Көші-қон ағымдарының ұлғаюын ескерсек, әрбір мемлекет үшін бұл мәселе алдыңғы қатарға қойылуы керек. Жаһандық сипаттағы әрі негативті салдарлары басым көші-қон саласының дұрыс шешімін табуы үшін мүдделі тараптар, яғни аймақ мемлекеттері мен халықаралық ұйымдар бірлесе отырып күш жұмылдыруы қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Ерекешева Л. Глобальные и региональные аспекты миграционных процессов: центральноазиатский контекст. / Миграция в Центральной Азии: проблемы и перспективы. Материал международной конференции. (Алматы, 30 ноября 2004г.). Институт мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента РК, Представительство Фонда им. Фридриха Эберта в Казахстане. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - С.75.
- 2 Ешаманова Е.Ж. Реалии и перспективы интеграции стран Центральной Азии // <http://www.postsoviet.ru/print.php?pid=162>.
- 3 Тюленева В. Анализ казахстанского законодательства по вопросам миграционной политики на предмет его коррупционности. Повышение эффективности государственного управления через преодоление элементов коррупции в законодательстве Республики Казахстан / Под редакцией Н.Э. Масанова и Е.А. Жовтиса – Алматы: ЧП Алексеев, 2008. С. 245 –246.
- 4 Султанов Б.К. Нелегальная миграция в Казахстане и проблемы безопасности страны. / Миграция в Центральной Азии: проблемы и перспективы. Материал международной конференции (Алматы, 30 ноября 2004г.). Институт мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента РК, Представительство Фонда им. Фридриха Эберта в Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - 122 с. -С. 91, 92.
- 5 Стратегия МОМ для Центральной Азии// http://moscow.iom.int/Russian/documents/iom_strategic_focusru

6 Ивахнюк И., Дауров Р Миграция и национальная безопасность: Научная серия: Международная миграция населения: Россия и современный мир / Гл. ред. В.А. Ионцев. — М.: МАКС-Пресс, 2003. — Вып. 11. — 148 с. С.30, 36, 38.

7 Аллахвердиева Л., Асроров Ф. Миграция в зеркале стран СНГ (молодежный ракурс) / Под ред. И. Молодиковой М., 2006, 275 с. С. 212.

8 Интервью Ходжаева Д., старшего специалиста Генеральной прокуратуры Республики Казахстан (4.07.2007) // <http://www.regnum.ru/asiatransform.html>.

9 Сарсембаев М.А. Борьба с контрабандой мигрантов, незаконной миграцией в Казахстане и международное право // «Казахстан-Спектр». — Алматы, 2005 — №. 3. — С. 24 — 27.

10 Erica Marat. Labor Migration in Central Asia: Implications of the Global Economic Crisis. Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road and Policy Center, 2009. — P. 48 .

11 Конвенция ООН против транснациональной преступности // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/orgcrime.shtml

12 Садовская Е. Казахстан в центральноазиатской миграционной подсистеме. Постсоветские трансформации: отражение в миграциях / Под ред. Ж.А. Зайончковской и Г.С. Витковской / Центрмиграционных исследований, институт народнохозяйственного прогнозирования РАН. - М.: ИТ «АдамантЪ» - 2009. - 411 с. - С. 279-322.

Уразаева Ф.П.Т.Г.К.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Алматы, Қазақстан

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Орталық Азия аймағы әрқашан да әлемнің көңілін өзіне аударған аймақтың бірі болып келеді. Мұнда ғасырлар бойы халықтар мен өркениеттер арасындағы көпір рөлін атқарып келген Ұлы Жібек жолы өткен. Ұлы Жібек жолының арқасында бүкіл әлем ұлы философтар, ғалымдар мен педагогтардың жұмыстарымен танысты, көрнекті эпостық шығармалар адамзат мұрасына айналды. Мәдениет, білім мен рухани салаларда ардайым алмасулар болып отырды.

Табиғи қазба байлықтарға бай Орталық Азия аймағы әлемдегі ірі державалардың мүдделері тоғысқан аймақ болып табылады. Әрине ішкі қарама-қайшылықтары мол, сонымен қатар сырттан әсер ететін факторлары бар аймақ қашанда қауіпсіздік мәселесіне баса назар аударады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ынтымақтастық шаралары жүзеге асырылып келеді. Әрине бүгінгі жаһандану кезеңін бастан өткізіп отырған әлемдегі